

Список литературы

1. Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://stat.gov.kz>
2. Адизес Ицхак. Управление жизненным циклом корпораций / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2007
3. Смарина В.П. Основы предпринимательства. Учебное пособие / В.П. Смарина. – М.: КиноРус, 2015.
4. Официальный сайт Палаты юридических консультантов «Единый центр услуг» <http://urpalata-esu.kz/>
5. Закон РК «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» / Закон Республики Казахстан от 5 июля 2018 года № 176-VI ЗРК.
6. Устав объединения юридических лиц и индивидуальных предпринимателей «Казахстанская ассоциация предпринимателей и сервисных услуг»
7. Официальный сайт Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» <https://atameken.kz/>
8. Аллин, О.Н. Кадры для эффективного бизнеса. Подбор и мотивация персонала / О.Н. Аллин, Н.И. Сальникова. М.: Генезис, 2016

Рахман А., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, Ю-11 тобы, студент
(*Ғылыми жетекшіі - Phd докторы, қауымдастырылған профессор Бирманова А.И.*)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ

Білім алу құқығы адамның жеке басын да, бүкіл қоғамды да дамыту үшін қажетті ең маңызды құқықтардың бірі. Білім алу құқығы әлеуметтік маңыздылығымен түсіндіріледі, адамның жан-жақты дамуына, азаматтардың жалпы және кәсіби дайындығына, олардың рухани және мәдени қажеттіліктерін дамытуға бағытталады.

Білім берудің мынадай мақсаттары ұсынылады:

- өшпенділік пен араздықтың кез келген түрін насихаттауға тыйым салу, бір адамның бойында бірнеше жағымды артықшылықты насихаттау;
- білім алу құқығы, табиғи және ажырамас құқық сияқты, сондай-ақ мәдени дәстүрлердің қоғамға жүктелген идеяларын зерттеу және сақтаумен байланысады;
- адамның психофизиологиялық қабілеттілігі: жасына, жынысына, денсаулық жағдайына байланысты дамыту;
- табысқа жету үшін жеткілікті дағдыларды қалыптастыру [1, 92 б.].

Білім алу құқығының мазмұнын анықтау барысындағы қасиеттер:

1. қазіргі заманғы болмысқа сәйкес білім алудағы адам құқығы, адамның табиғи құқықтарымен бір деңгейде орналастырылуы мүмкін, бұл адамға қоғамда өмір сүрудің шарты ретінде әлеуметтік ауа түрінде қажет;
 2. білім алу құқығын жүзеге асыру мүмкіндігі білім беру мен ағарту процесінде адам құқықтарын құрметтеусіз мүмкін емес, өз кезегінде, басқа да іргелі құқықтарды жүзеге асыруға қажетті шарты болып табылады;
 3. білім алу құқығы ажыратылмайды. Адам бұл құқықты басқа адамға немесе кез келген басқа негіздер бойынша беруге құқылы емес және одан бас тартуға болмайды. Білім алу құқығын өмір сүру құқығы, даму құқығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
 4. білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынасты құқықтау реттеу үздіксіз жетілдірумен сипатталатын және дамытудағы маңызды аспектілерді біріктіруде көрініс табады. Ең алдымен, жастар үшін жалпыға бірдей міндетті білім берудің ең төменгі деңгейін көтеруге қатысты конституциялық анықтамалар, сондай-ақ осы құқықты жүзеге асырудың бірқатар кепілдіктерін белгілеу кіреді.
 5. мемлекет заң бойынша білім беру саласының белгілі бір міндеттерін қабылдайды. Білім алу құқығының міндеті әр адамның білім алуына мемлекеттік кепілдіктер жүйесін құру және сайып келгенде, адамға тән бостандықты іске асыру үшін кепілдіктер жасау болып табылады.
- Осы жағдайларды негіздей отырып, білімге деген қажеттілік бастапқы қажеттіліктермен: физиологиялық, қауіпсіздік, рухани және т.б. өмір сүру құқығының бір бөлігі ретінде, даму құқығын қарастыруға мүмкіндік береді.

Еуропа елдерімен жоғары білім берудің біртұтас Еуропа кеңістігін (ЕПВО) құру процесі «Болондық» деп аталады, оның негізгі мақсаттарына 2010 жылы қол жетілуі тиіс болатын. Оның бастауы 1999 жылы Болоньяда (Италия) Болон декларациясына қол қойылуымен ашылды, онда Еуропа елдерінің жоғары білімі ұлттық білім жүйелерінің салыстырмалығы мен үйлесімділігіне жетуге әкелетін негізгі мақсаттар түзілді. Болон декларациясының алғашқы хабаршылары деп әдетте - және заңды да - университеттердің Ұлы хартиясы (Magna Charta Universitatum - Болонья, 1988) және Сорбон декларациясы есептеледі. (Париж, 1998). Болон процесінің негізгі мақсаттары 2010 жылы орындалады деп көзделген.

Шын мәнінде, сөз еуропалық білімнің бәсекеге қабілеттігі, тартымдылығы мен жаһандану үдерісінің әсерін қонымды түрде шектеу туралы болып отыр. Бір жағынан, жаһандану процесінің объективті сипаты бар; әлем елдері экономикалық, саяси және басқа көптеген мәселелерде сөзсіз өзара тәуелді болып шығады. Тек оқшаулану ғана бұған балама (альтернатива) бола алады, ал ол тарих көрсеткендей, ешқашан және еш жерде оң нәтижелер берген емес. Екінші жағынан, жаһанданудың қарадүрсін түсіндірілуі бұл ұғымды көбіне америкаландыру дегенмен ауыстырады. Осы соңғысында, әлем біріздендірілген бір «дүниежүзілік ауылға» (global village) айналады деп есептеледі. Дегенмен, мәдениетте кезкелген біріздендіру қауіпті: ол сөзсіз тоқырауға алып келеді, өйткені нақ саналуандық, түрлі жүйелердің өзара әрекеті оң дамудың көзі болмақ. Әр мәдениетте өзінің, тек соған тән ғана міндеті, жалпы адамзаттық қазынаға қосар өз үлесі бар, ал жаһандану екпінімен тіпті бір ғана мәдениетті жою - бұл әлемдік масштабтағы қасірет. Соған сәйкес Еуропаның өз мәдениетінің барлық өзгелермен ұқсастығын сақтап, салыстырып көруге барлық негізі бар [2, 326.].

Қазақстан білім беру саласында болып жатқан интеграциялық процестерге қатысуға және қосылуға мүдделі. Атап айтсақ Лиссабон конвенциясына, сондай-ақ білім беру саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі келісімге қол қойылды және бекітілді: Германия Федеративтік Республикасымен (Бонн, 1997 ж.), Испания Корольдігімен (Алматы, 1997 ж.), Норвегия Корольдігімен (Осло, 2001 ж.), Италия Республикасымен (Алматы, 1997 ж.), Словак Республикасымен (Астана 2001ж.), Болгария Республикасымен (София, 1999 ж.), Польша Республикасымен (Варшава, 1997 ж.), Румыниямен (Бухарест, 1998 ж.), «Акселс» Америка кеңесімен (Вашингтон, 1996 ж.), Куба Республикасы (Гавана, 1996 ж.), Египет Араб Республикасымен (Каир, 1998 ж.), Израиль мемлекетімен (Алматы 1995 ж.), Моңғолия елімен (Улан-Батор, 1997 ж.), Тәжікстан Республикасымен (Душанбе, 2000 ж.), Грузия мемлекетімен (Алматы, 1997 ж.), Түрік Республикасымен (Анкара, 1997 ж.), Түрікменстан Республикасымен (Астана, 2001 ж.), Украинамен (Астана, 2001 ж.), сондай-ақ ЕурАзЭҚ-қа қатысушы елдер (Ресей, Қазақстан, Белорусия, Қырғызстан, Тәжікстан). Барлығы 100-ден астам халықаралық шарттар мен келісімдерге қол қойылды.

Балаларға білім беру - бұл кез келген жағдайда қоғам, ересектер өздерінің нанымдарын, мәдениетін және басқа да құндылықтарын жастарға беруге ұмтылатын барлық процесс, сондай-ақ ол оқыту немесе білім беру арқылы зияткерлік қабілеттерін дамыту. Кейбір елдерде міндетті білім беру деңгейі толық емес орта біліммен шектеледі (8, 9 сыныптар). Мәселен, Әзірбайжан Республикасының Конституциясының 51-бабы: «Мемлекет кемінде сегіз жыл тегін орта білім алуға кепілдік береді». Қырғыз Республикасының Конституциясының 32-бабы, Ресей Федерациясының Конституциясының 43-бабы, Тәжікстан Республикасы Конституциясының 41-бабы негізгі жалпы білім алуға азаматтарды 9 сынып бойынша міндетті деп есептейді. Осындай жағдай Шығыс Еуропадағы (Болгария, Польша, Венгрия, Чехия, Словакия) елдерінде де міндетті сегіз жылдық білім берумен қамтамасыз етіледі. Бірақ көптеген елдерде бұл деңгей жоғары. Ұлыбританияда және Шотландияда он алты жастағы оқушылар міндетті орта мектепті (11 сынып) аяқтайды. Құрама Штаттарда, Жапонияда, Австралияда, Францияда, 10 жылдық орта мектеп міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының азаматтарына, Конституцияның 30-бабында міндетті орта білім алу азаматтарға 11 (12) жыл мерзімге міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзгерістерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, біздің еліміз, сайып келгенде, 12-жылдық орта білім беру үдерісі эксперимент түрінде жүргізілуде.

Көптеген елдер, өз азаматтарының жалпы орта және арнайы, жоғары білім беруді және білім алу мүмкіндігін тегін жүргізілуін қалайды. 90-шы жылдардың соңында Австрия, Дания, Финляндия, Греция, Норвегия және Швеция университеттерінде тегін оқыту жүргізілді. Қазіргі уақытта Парсы шығанағындағы бірқатар мұсылман елдерінде барлық деңгейдегі білім тегін енгізілді, өйткені мұнай экспортынан түсетін табыс оларға осындай мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісіндегі стратегиялар мен бағдарламалар «Білім берудің мәдениетаралық ынтымақтастық туралы» заңы (2011) аясында, Эквадор елі инновациялық білім беру бағдарламасында, жоғары оқу орындарында екі тілде оқытуды дайындауға арналған білім беруді әзірледі. Біріккен Танзания Республикасы бастауыш және орта буын мектептерінің оқу бағдарламаларына жергілікті мәдени құндылықтардың хабардарлығын арттырады, сондай-ақ Болгария, Венгрия, Дания, Словакия елдерінде білім беру мәдени стратегиялардағы басымдықтардың бірі болып табылады. Филиппинде «тірі дәстүрлерге арналған мектептер» жобасы, мәдени дәстүрлерді жоғалтпау мәселесімен айналысатын елдегі 110 этнолингвистикалық топтардың, қауымдастықтардың бейресми білім беру бастамасына қаражат көзін жасауға көмектесті және өзара қолдауды арттырды. Франция, Германия және Жапония мемлекеттері «тұрақты даму мүддесіндегі білім» бағдарламасы арқылы дамуға мүмкіндік береді.

1997 ж. Польша Конституциясы ата-аналардың өз нанымдарына сәйкес балаларға адамгершілік және діни тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етуге құқылы екендігін анықтайды. Бұл ретте басқа адамдардың ар-ождан мен дінінің бостандығы заңмен ғана шектелуі мүмкін және бұл мемлекеттің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты, имандылықты немесе бостандықты және басқа адамдардың құқықтарын қорғау үшін қажет болған жағдайда ғана шектелуі мүмкін. (48-бап 1-т.). 53-бабында: дін бостандығы ретінде өз дінін уағыздау немесе қабылдау бостандығын, ғибадатханалар мен басқа да діни орындарды иелену, адамдардың діни көмекті пайдалану құқығын қамтиды. Ата-аналардың балаларына моральдық және діни тәрбие мен оқытуды өз нанымдарына сәйкес қамтамасыз етуге құқық береді.

Жеке оқыту стилін анықтау үшін Д. Колб «Learning Styles Inventory» (LSI), Питер Хоней мен Алан Мемфорд «Learning Styles Questionnaire» (LSQ) сұрақнамаларын ойлап тапты. Соңғыларының оқыту стилдері бойынша қысқа да нұсқа сипаттаманы 1999-жылы өз еңбектерінде А. Фернхем, С. Джексон мен Т.Майллер берді:

- Практик (Белсенді) – импульсивті, әсер алуға оқталған экстраверт;
- Рефлективті (Ойшыл) – сақ, әдіскер интроверт;
- Теоретик – объективті, рациональды интеллигент;
- Прагматик – тәжірибеші, саналы реалист [3].

Білім алу құқығы адамның біліміне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған адамның табиғи құқықтарымен теңестірілуі мүмкін. Өмірдің және дамудың белгілі бір жағдайларында адам қажеттіліктерін материалдық, рухани, мәдени және әлеуметтік санаттарға бөле отырып, білімге деген нақты қажеттіліктерге жатқызылуы тиіс. Осы жағдайларды негіздей отырып, білімге деген қажеттілік бастапқы қажеттіліктермен: физиологиялық, қауіпсіздік, рухани және т.б. өмір сүру құқығының бір бөлігі ретінде, даму құқығын қарастыруға мүмкіндік береді. Балаларға арналған жалпыға бірдей мемлекеттік білім беру заң бойынша көптеген елдерде талап етіледі. Мектептерде балалар формальды және жүйелі түрде мәдени-бұқаралық құндылықтарға ие болады. Балаларды ерте жастан оқыту, қалай дұрыс сөйлеуге, киінуге және өзін-өзі қоғамдық ортада ұстауға, дәстүрлерін мойындауға мүмкіндік береді [4,126.].

Білім берудің кең мағынасы «оқыту» - тыңдаушыларға ақпарат беру, жинау және өңдеу (кейінгі пайдалану үшін). Ақпаратты жинауды адам ерікті және еріксіз немесе мақсатты түрде өңдейді, жүйелейді, сақтайды, қорытынды жасайды және т.б. Өзінің мәні бойынша оқыту - бұл танымға басшылық жасау, оқушыларға (білім алушыларға) адамзат жинаған тәжірибені жинақтауға көмек көрсету. «Оқыту бостандығы» терминінің мазмұнын талдай отырып, оқыту бостандығы тәрбиелеу және оқытумен ұштасқан шығармашылық қызметтің ерекше түрі деген пайымдау жасалады.

Қоғамның идеологиялық плюрализмі академиялық еркіндікті (оқыту бостандығы) көрсетеді. Ол мұғалімнің өз пәнін қажетті деп есептейтіндіктен оқыту құқығын қарастырады. Білім алушылар мен олардың ата-аналары академиялық еркіндікпен оқылатын пәнге көзқарасы мен оқыту тәсілдері неғұрлым қолайлы болып көрінетін оқытушыларды таңдауға құқылы. Ата-аналардың балаларының білім алуына қатысты құқықтары бар. Оқушы жас болса, оның құқықтарын ата-аналар жүзеге асырады, бірақ бала өсіп келе жатқан кезде ол өз бетінше әрекет ету қабілетін дамытады.

ЕО мүше мемлекеттер студенттердің қатысуымен білім беру процесін жақсартуға және үшінші елдердің азаматтарына оқу үшін ЕО-ға кіруді жеңілдетуге бағытталған үдерісті жандандыру бойынша шаралар қабылдайды. Осындай іс-шаралар негізінде студенттер екі мемлекетте оқып, екі мәрте диплом алатын бірлескен оқу бағдарламаларын құру (мұндай тәжірибе Австрия, Болгария, Чехия, Финляндия, Франция, Италия, Польша және Ресей), үшінші елдердің

халықаралық кампустарының Еуропалық Одағын құру (Бельгия, Швеция, Ұлыбритания), сондай-ақ мәдениет жөніндегі институттарды құру (мұндай тәжірибе Кипр, Финляндия, Франция және Польша елдерінде) қолданылады.

Білім берудің барлық деңгейінде үздіксіз қолданылатын оқыту әдістері:

- түрлі саладағы мамандықтарды даярлауда педагогикалық сараптамалардың нәтижелерін салыстырмалы және үйлестірмелі зерттеу;
- әртүрлі елдерде қолданылатын оқыту әдістері туралы ақпаратпен алмасу;
- білім беруді ұштастыру мақсатында тәжірибе алмасуға қатысты жәрдемдесу және ұйымдастыру;
- жастарға білім беруде өзара тәрбиелеу тәжірибесіне ерекше көңіл бөлу;
- әрбір елдің оқулықтарымен танысу, оқу материалдарымен алмасу және білім беру саласындағы жаңа енгізілімдерді талдау [5,54 б.].

Қазақстанның білім саласындағы құқықтық жүйесін жаңғырту ел ішінде де, әлемдік білім беру кеңістігінде де білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етуге бағытталған. Жаһандану, ақпараттық және технологиялық серпіліс жағдайында білім көбінесе азаматтар мен тұтастай қоғамның жеке әл-ауқатын, елдің инновациялық даму мүмкіндігін, әлемдегі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды анықтайды. Бұл ретте білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды толыққанды құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін тұрақты заңнаманың болуы отандық білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Аношкина В. Л., Резванов С. В. Образование. Инновация. Будущее. - Ростов-на-Дону: Изд-во РО ИПК и ПРО, 2001. –176 с.

2 Турлаев А. В. Проблемы и перспективы интеграции казахстанского юридического образования в Болонский процесс // Актуальные вопросы повышения качества и перспективы развития высшего образования в Республике Казахстан: Материалы межвуз. науч. – метод. конф. (16 марта 2004г.) – Караганды: Изд-во КарГУ, 2004. – С.32 - 35.

3 Стили обучения по Дэвиду Колбу. [Электронды ресурс]. URL: <https://2pf.ru/nauka/psikhologiya/164-stili-obucheniya-po-devidu-kolbu.html>

4 Құнапина Қ. «Құқық пәнін оқытуда қойылатын талаптар» // Қазақстан тарихы, – 2005. – №8, – 12-16.

5 Ғазизова Н.С. Тәлімгерлерді құқықтық тәрбиелеуге болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық негіздері. // Вестник СГПИ, – 2006. – №1(4). – 54-58.

Серіков Ә.Ж., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, экономика факультеті, МУА-61 тобы, магистрант
(Ғылыми жетекші – *PhD*, қауымдастырылған профессор Ламбекова А.Н.)

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН АУДИТ САПАСЫНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІ

Тәуекелге негізделген мемлекеттік аудит жоспарлауға ұтымды көзқарас жасауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік аудит саласында осы тәсілді қолданудың сөзсіз артықшылықтары, сонымен қатар, нормативтік талаптарға сәйкестіктің тұрақтылығын жақсарту және жоғарылату және тәуекелдерді азайту, сонымен қатар бақылау шараларының экономикалық тиімділігі болып табылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылауды жоспарлау сатысында мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік бюджетті атқару, бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану жөніндегі қызметіндегі проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың жаңғыртылған жүйесін қолдануы бақылау қызметінің тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді, тұтастай алғанда бұзушылықтар деңгейінің төмендеуіне ықпал ететін болады [1, 52-54].

Тәуекелге негізделген мемлекеттік аудитті қолданудың мақсаты аудиторлық практика жағдайындағы елеулі өзгерістерге байланысты тексерулердің тиімділігін арттыру екенін ескере отырып, тәуекелге негізделген аудитті жүргізу кезіндегі аудитордың міндеті бухгалтерлік